

Орталық Азиялық ынтымақтастық және даму банкісі туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 23 тамыз N 955

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік Басшыларының Алматы қаласында орналасатын мемлекетаралық Орталық Азиялық ынтымақтастық және даму банкін /бұдан әрі- Банк/ құру туралы 1994 жылғы 8 шілдедегі Келісімін орындау үшін және құрылтайшы елдер Премьер-министрлері Кеңесінің 1994 жылдың 5 тамызында Банкінің Жарғысын бекітуіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті және Алматы қаласының әкімі бір апталық мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Банкіге Қазақстан Республикасының Жарғылық қорға үlestік жарна есебінен қызметтік үй-жай беру туралы ұсыныс енгізсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі үlestік жарнаның қалған бөлігін Банкінің есеп шотына аударсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Банкінің өтінімдері бойынша қажетті техникалық құрал-жабдықтар мен телефон, телекс және телекоммуникациялар мен қаржылардың қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі Банктің халықаралық мәртебесін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Банктің салықтар мен кедендей баж салығынан босату туралы белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінен Банкіге қазіргі экономикалық нормативтерді қолданған кезде оның халықаралық мәртебесін ескеру сұралсын.

5. Банк президентінің лауазымы медициналық, тұрмыстық қамтамасыз ету мен көлік қызметін көрсетуде Министрдің лауазымына, ал вице-президенттердің лауазымдары - Министрдің орынбасарларының лауазымдарына теңестірілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК